

### **Қозыбақова Фатима**

тарих ғылымдарының кандидаты, Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университетінің профессоры,  
Алматы қ., Қазақстан, e-mail: fatima.kozybakova@mail.ru, +7 702 161 6729

## **РЕСЕЙ АВТОРЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ БИЛІК ЖҮЙЕСІНЕ ҚАТЫСТЫ КӨЗҚАРАСТАРЫНА ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ**

Мақалада XIX ғасырдағы дәстүрлі қазақ қоғамының билік жүйесіндегі әлеуметтік топтардың орнын анықтау бүгінгі күндегі тарих ғылымының елеулі көңіл бөлетін, зерттеуді қажет ететін тақырыптарының бірі екендігін, әсіресе ру басылары мен сұлтандардың саяси қайраткер ретіндегі тұлғалық беделдерін көрсету, тарих ғылымында көптеген жетістіктерге әкелетіндігі айтылады. Автор тақырыпқа байланысты деректерді Ресей авторларының еңбектерінде екендігін тұжырымдайды. Олар С. Броневский, А.К. Гейнс, А.И. Левшин, М. Кросовский, В.В. Радлов сияқты зерттеушілер. Аталған авторлардың еңбектеріндегі дәстүрлі билік жүйесіне қатысты көзқарастарын жеке зерттеу әлі қалыптаспағанын айта келіп, еңбектердегі билік жүйесіне қатысты көзқарастардың мәнін ашатын өзіндік баға берілген тарихнамалық деректер мен фактілерге шолу жасалады.

**Түйін сөздер:** билік, әкімшілік, қоғам, ру, жарғы, әлеуметтік, хан, сұлтан, би, мемлекет, үкімет.

Kozybakova Fatima  
Professor of Kazakh National University Al-Farabi,  
Almaty, Kazakhstan, e-mail: fatima.kozybakova@mail.ru, tel.: +77021616729  
**Historiographical analysis on the views of Russian authors in relation  
to the traditional system of power in the Kazakh society**

The article considers the significance of determining the position of social groups in the system of power in the traditional Kazakh society of the nineteenth century. Currently, this topic is one of the most demanding and research in historical science. The personal reputation of patriarchs and sultans as politicians leads to a number of successes in history. The author formulates data on this topic from the works of Russian authors-researchers, such as S. Broniewski, A.K. Gaines, A. Levshin, M. Krosovski, V.V. Radlov. So the separate researches has not been formulated yet on the views of these authors on the issue of the traditional system of power, the article includes an overview of the facts and historical data that reveal their meaning.

**Key words:** Power, administration, society, tribe, charter, social, sultan, khan, bi, state, government

Козыбақова Фатима  
кандидат исторических наук, профессор Казахского национального университета  
им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан, e-mail: fatima.kozybakova@mail.ru, тел.: +7 702 161 6729

### **Историографический анализ взглядов российских авторов на отношение к традиционной системе власти в казахском обществе**

В статье рассматривается значимость определения положение социальных групп в системе власти в традиционном казахском обществе XIX века. В настоящее время эта тема одна из требующих особого внимания и исследования в исторической науке. Личностные репутации патриархов и султанов как политических деятелей приводят к ряду успехов в истории. Автор формулирует данные по этой теме из трудов российских авторов-исследователей, таких как С. Броневский,

А.К. Гейнс, А.И. Левшин, М. Кросовский, В.В. Радлов. Так как еще не сформулировано отдельное исследование на взгляды этих авторов по вопросу традиционной системы власти, статья включает в себя обзор фактов и исторических данных, которые выявляют их смысл.

**Ключевые слова:** власть, администрация, общество, племя, устав, социальный, султан, хан, би, государство, правительство.

## Кіріспе

XVIII ғасырдың ортасынан және XIX ғасырдың I ширегінен бастап Қазақстандағы хан билігі жүйесі Ресей мемлекеті саяси институттарының күшті ықпалына ұшырады. Қазақ қоғамының басқару-саяси ұйымдарын тұрақсыздандыруға әсер еткен барлық факторлар комплексі арасынан бұл неғұрлым белсенді (бірақ бірден-бір емес) фактор болды. Көшпелілер қоғамынан әлеуметтік қолдаушылық іздестіру үстінде ресейдің әкімшілік-саяси жүйесі қазақтардың әлеуметтік-саяси құрылымының кейбір билік буындарын жұтып жіберді, сөйтіп Ресей империясының Қазақстан аймағындағы мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жаңа шараларды жүзеге асыру үшін әскери-саяси күштермен нығайтылған өз құрылымдарының билік жүргізуін заңдастырды. Осының нәтижесінде көшпелілер қоғамының дәстүрлі саяси институттары, яғни сұлтандар, хан өкіметі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының динамикалық тепе-теңдігін қамтамасыз ететін төменнен жоғары қарайғы әлеуметтік байланыстар дәрежесіндегі дербес құрылымдық рөлдерінен бірте-бірте айрыла бастады, сол арқылы аталмыш әлеуметтік құрылымдағы өз орындарын жоғалтты.

## Әлеуметтік топтардың XVIII ғ. ортасынан – XIX ғ. бірінші ширегіндегі билік жүйесіндегі рөлі

Көшпенділер өркениеті әлемге шаруашылық жүргізудің тек өзіне ғана тән білімін, еңбек құралдарын, жетік әскери өнерін ғана тарту еткен жоқ, сонымен қатар өктем ақсүйектік билік пен әскери дала демократиясынан құралатын ерекше өркениет, билік жүйесін де қалыптастырды. Қазақтардың мемлекеттілігі – Қазақстан аумағындағы ірі империялар мен жеке хандықтар ретінде өмір сүрген ежелгі мемлекеттердің заңды жалғасы. 1465 жылы орнаған қазақ хандығы – аумағының тұтастығы, халқының тілі, діні, мәдениетінің ортақтығы, ел басқару, билік жүйесінің болуы дербес мемлекетке қойылатын талаптарға сай келеді.

Сондықтан дәстүрлі қазақ қоғамының билік жүйесіндегі әлеуметтік топтардың орнын анықтау бүгінгі күндегі тарих ғылымының елеулі көңіл бөлетін, зерттеуді қажет ететін тақырыптарының бірі.

Әсіресе, ру басылары мен сұлтандардың саяси қайраткер ретіндегі тұлғалық беделдерін көрсету ғылымда көптеген жетістіктерге әкелген болар еді. Осы тақырыпқа байланысты көптеген деректерді Ресей авторларының еңбектерінен табамыз. Олар С. Броневский, А.К. Гейнс, А.И. Левшин, М. Красовский, В.В. Радлов сияқты зерттеушілер (Броневский, 1868). Аталған авторлардың дәстүрлі билік жүйесіне көзқарастарын жеке зерттеу әлі қалыптасқан жоқ. Орыс авторларының еңбектері тарихи зерттеулерде белгілі тақырыптарға қатысты көп пайдаланылғанымен, билік жүйесіне қатысты көзқарастарына жеке тарихнамалық талдаулар жасалмаған.

Қазақ қоғамындағы дәстүрлі билік, хан-сұлтандар мен ру басылары сияқты әлеуметтік топтардың биліктерінің негізінде қалыптасып, қызмет атқарды. Әрқайсысының билік жүйесіндегі атқаратын қызметтері көшпелі халықтың өміріне тән тәртіпке байланысты жүрді. Бұл топтардың өзіндік саяси орны, өмір сүру заңдылықтары болды. Яғни, қазақ қоғамында жүздер, рулар арасында өзара саяси байланысы сұлтандар мен ру көсемдерінің арақатынасына тәуелді болды. Осындай, дала халқының ұзақ уақыт бойы қаланған қоғамдық тәртібіне XIX ғасырдың бірінші ширегінен бастап Ресейдің ықпалының әсері күшейді. Көшпелі қазақтың дәстүрлі билік жүйесінің орнына жаңа ережелерді ұсыну, алмастыру 1822-жылы қабылданған «Сібір қырғыздары туралы Жарғыдан» басталды. «Жарғыны» өз күшіне енгізбес бұрын отаршыл әкімшілікке жергілікті халықтың өмір-тіршілігімен, әлеуметтік топтардың билік жүйесіндегі орнымен жан-жақты танысу аса қажет болды. Осы мақсатта қазақ даласына әртүрлі тапсырмалар жүктелген, Ресей үкіметі тарапынан әскери қызметкерлер жіберіле бастады. Олардың көшпелі халықтың тарихына қатысты зерттеулері Ресейдің отарлау саясатына қызмет етті.

XIX ғасырдың ортасынан басталатын отарлау саясатының екінші кезеңі «Уақытша ережемен» тікелей байланысты. «Сібір қырғыздары туралы Жарғы» мен «Уақытша ереже» аралығындағы дәстүрлі билік жүйесінің жағдайы мен дағдарысы, Ресейдің әсері жөнінде терең пайымдаулар мен құнды деректерді біз М.Красовскийдің еңбектерінен табамыз. Оның қарастырылып отырған «Область Сибирских киргизов» еңбегі Ресей империясының географиясы мен статистикасына арнап жинақталған көп томдыққа кіреді. Еңбектегі материалдардың құндылығы XIX ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ халқының өмір-тіршілігінің баяндалуында. Сонымен қатар оның еңбегінен әлеуметтік топтарға қатысты мәліметтерді де көп кездестіреміз. Әсіресе, көшпелілер қоғамында иерархиялық тәртіптің нышанын беретін, рулық жүйеде орын алған төрелерге қатысты сипаттамалары бар. М. Красовскийдің айтуынша әр рудың өзін-өзі басқару тәртібі бар. «Әр ру өз рубасыларына және жоғарғы биліктегі хандарға бағындырылды немесе бір-біріне ұқсас бірнеше тайпаларға ықпал еткен сұлтандарға басқартылды. Ал сырттай қарағанда, жергілікті билік жоғарғы биліктің құқына немқұрайлы, жат қарады. Міне, осы жағдайлар жалғасып келе жатқан одақтың бытыраңқылығына әкеліп соқты» (Левшин, 1996). Яғни, толып жатқан жеке-жеке рулар өз ру басыларына ғана бағынып, ал сұлтандардың жоғарғы билік иесі ретінде беделі болмаған.

Осыған ұқсас көзқарасты А.И. Левшиннің еңбегінен де көруге болады. Ол «Ресей империясының шекарасы маңында көшіп жүрген және де өздерін билеуші ретінде мақтан тұтқан сұлтандардың көп бөлігінде, шын мәнісінде ешқандай билік болмаған. Олар мал шаруашылығымен айналысатын адамдарды ғана басқару лауазымына ие болды. Олардың қара халыққа ықпалы күзден басталып, көктем айының басында аяқталатын. Яғни, қырғыздар біздің шекарамызға жақындаған кезде, қыс мезгілінде ғана жалғасады және де бірнеше ай бойы бірге болғандықтан, олар орыс үкіметі тағайындаған қандай да бір лауазымға ие, шекарадағы біздің билікке өздері атынан өтініш айтатын адамдарға мұқтаж болған» (Красовский, 1868; Радлов, 1989). Бұдан көретініміз орыс зерттеушілерінің бұл жерде төрелер билігіне қатысты пікірлері бір жақты ғана, зерттеп отырған уақыт аралығындағы (XIX-ғасырдың бірінші жартысы) сұлтандарға қарап жалпы дәстүрлі саяси биліктің орны қашанда

осал болды деп түсінуі жаңсақ және қате. Себебі, елге пана, қазаққа тұлға, ел бірлігі мен оның жерінің тұтастығын қорғап, сақтауда алтын қазық болған, әз Жәнібек, Қасым хан, Есім хан, әз Тәуке, Салқам Жәңгір, Абылай сияқты хандардың орны қай жағынан алсақ та ерекше. Олар Қазақ хандығының әлеуметтік-қоғамдық және саяси тұрғыдан нығаюына салмақты үлес қосқан билік иелері екендігі даусыз. Тарихта Қазақ хандығының іргелі де айбынды мемлекетке айналдыруда ерен еңбек сіңірген хандар аз болмаған. Бізге белгілі, XV-XVIII ғасырлардағы ақсүйектерден XIX ғасырдағы ақсүйектердің біраз өзгешеліктері болды. Мұндай өзгерулерден «қарасүйек» тобы да өтті. Олар саяси-әлеуметтік жүйеде – 3 топқа бөлінді: «ақсүйектер» – хандар мен сұлтандар; діни лауазымдылар – «асыл сүйектер» және «қара сүйек» тобынан шыққан, өзінің шалқыған байлығы, жеке басының озық қасиеттері мен ақыл-парасаты арқылы ірі беделге ие болған ру басшылары – билер мен ауыл ақсақалдары.

Жалпы, сұлтандарды (орыс деректері бойынша) көшпелі қазақ қоғамында «төре» деп атаған. Төрелер өз бастауларын сонау Шыңғысханнан, оның үлкен ұлы Жошыдан алады. Қазақ қоғамындағы хандар тек ақсүйек, яғни төрелерден сайланады. Этникалық жағынан эндогамдылық нышандары басым, бір-бірімен тығыз байланысқан топ (Красовский, 1868: 6). Олар қазақтың саяси құрылымында белсенді қызметтеріне байланысты қомақты орын алған. Хан билігі көрші елдермен өзара пайдалы қарым-қатынастар орнатуға, ел мен жерге жау шапса, оның қорғанысын ұйымдастыруға мұрындық болды.

Ресей авторлары дала халқының өмір-тіршілігімен танысу барысында билік жүйесіндегі саяси топтарға берген бағасы, қазақ қоғамында билік болған жоқ деген пікірмен ұштасады. Олардың айтуынша, әрбір мемлекетте жергілікті ұлт өкілдерінің талқысынан өткен, өзіндік басқару тәртібі бар жоғарғы билік жүйесі болу керек еді (Левшин, 1996: 365). Ал қазақ халқында басқару ережелері еш жерден алынып, белгілі бір тап не топ өкілдерінің талдауынан өтпегендігін және деспоттық билеушілердің жоқтығын баяндайды. Мәселен М. Красовский далалық көшпелілер қоғамында қанаудың болмағандығын, осыған сәйкес бұқараның билеушілерге деген жеккөрінішті сезінбегендігін айтады. «Бұл жерде ерте кезден бері басшылардың езгісі болмаған, ешқашан өзінен жоғарғы жақтан ұнамсыз билік сезілмеген. Қысқаша айтқанда, жекелеген рубасылар халық-

ты ешкімге түсініксіз Құранмен басқарып, пайғамбардың нақылдарына сүйеніп, кейін басқа да бір қатал билеушінің жөнсіздігінен өзгеретін заңдарынан құралмаған биліктен басқа ешқандай билік болмаған. Халықты басқаратын билік – олардың әдет-ғұрыптары болды» (Артықбаев, 1995: 119).

М. Красовскийдің қазақ қоғамындағы жоғарғы билік жүйесіне қатысты жасаған талдауы, дәстүрлі саяси құрылымда орын алған ру басыларына (би, батыр, ақсақал) қатысты ойлармен ұштасатыны белгілі. Оның еңбегінде билер мен ақсақалдар, толып жатқан рулардың рубасылары, яғни басшылар ретінде қарастырыла келе, басқару тәртібіне қатысты былай деп жазды: «Әр ру өз ру басыларына бағынады. Халық олардың шығу тегі белгісіз, түсініксіз заңдарын орындады. Басқарудағы билік түрі осы өңірлерде өмір сүрген әртүрлі тайпалардың салтынан құралған ғұрыптар болды. Ендігі, бұл тайпалар көршілес басқа халықтың құрамында да кетсе керек» (Красовский, 1868: 6).

Шын мәнінде қазақтың дәстүрлі әлеуметтік тіршілігінде маңызды қызметті атқаратын ру басыларына қара халықтан шыққан билерді, ақсақалдарды жатқызамыз. «Би қара халық өкілінің көтерілетін ең биік шыңы. Шығыста – «бек», Ресейде «старшина» деп аталады. Қалай дегенмен де олардың басты қызметі – ел басқару екені анық. Би алдымен әдет-ғұрып жолының білгірі, дау-жанжалдың төрешісі және қазы. «Би» немесе «старшиналық» атадан балаға қалатын атақ емес, сондықтан би немесе старшина қайтыс болғанда, бұл лауазым жасы үлкен немесе ақылы озық адамға қалады. Ал, кейде сол бидің өзінің баласына да берілуі мүмкін. «Би» деген құрметті атақты тек әдет-ғұрып жолын терең меңгерген, тілді және шешен қазақтар ғана алған» (Красовский, 1868: 6). Билердің әдеп-ғұрып заңдарын талқылауда, билік шығаруда, оның орындалу тәртібін белгілеуде кең құқықтары (праволары) болған. Ел татулығын, жер тұтастығын қорғап, әділ билік жүргізген ерекше тұлғалар халықтың рухани көсемдеріне айналған. Олардың қатарында аты аңызға айналған Майқы би, бүкіл қазақтың төбе биі аталған Төле би, қаз дауысты Қазыбек, от ауызды Әйтекені туған халқы сан ғасырлар бойы жадында сақтап келеді.

Ақсақал билігі – бір ата баласы ішінде жүреді. Неке мен отбасы, жақын туыстар арасы, мұрагерлік пен меншік мәселелерін шешуге құқылы. Сонымен қатар ақсақалдар бір ата баласы ішіндегі дауды шешуге немесе кінәлі жақты жазалауға да хақылы.

Орыс авторларының еңбектері XIX ғасырдағы қазақ қоғамының тарихын зерттеу үшін құнды болып табылғанымен де, дерек ретінде сыни көзқараспен қарауды талап етеді. Оның құндылығы автордың қазақ қоғамындағы әлеуметтік топтардың билік жүйесіндегі орнын өз көзімен көруші ретінде суреттеуі болып табылады. Еңбектерде қазақ халқының өмірінен жан-жақты көріністер беріледі (әдет-ғұрыптарынан, мерекелерінен, билік жүйесінен т.б. жақтарынан). Осы тұста әлеуметтік топтардың билік жүйесіндегі орны мен ерекшеліктеріне қатысты жасаған қорытындыларынан зерттеудің толық шегіне жетпегендігі байқалады. Қазақ қоғамында саяси басқару құрылымы болмады деп баяндауы осыған дәлел.

Авторлар дала көшпелерінде деспоттық билік пен қанаушы құрылыстың болмағандығын дәлелдей келе мынандай қорытындылар жасайды: «Қырғыз-қайсақ халқы пайдаланатындай, дала қоршап жатқан, ұсақ азияттық мемлекеттерге нені жатқызуға болады? Жеке тайпалық далалық одақта өздерінің тәуелсіздігін сақтап қалатын жағдайлар болған жоқ, алайда халықтың билікке жат болатындай да ешқандай себеп те болған емес. Сол себепті дала бұрыннан бері бізге бағынышты. Қазіргі кездің өзінде Ресейге тәуелді, себебі қырғыздар басқа біреудің билігінің астында өмір сүруге мүмкіндігі болмады» (Красовский, 1868: 7). «Қырғыз-қайсақтарда, бірнеше рет байқалғандай, қанаушы билік пен осындай жәбірлеу болмаған. Жартылай жабайы халық – қырғыздарға өздерінің немесе бөтен адамдардың билігінің астында болуы немесе болмауы бәрібір болған, тек қана сол биліктің өмір сүріп жатқан далалық құрылысқа, халықтың бостандығына, яғни олардың еркіндігіне әсер етпеуі керек» (Артықбаев, 1993, 124).

Орыс авторларының еңбектері ғылыми тұрғыдан объективті. Біздің ойымызша, авторлар Ресей империясының әскери қызметшілері бола тұра империяның мүддесіне қарай деректерді бұрмаламайды. Оған дәлел зерттеушілердің өз көргендерін, статистикалық деректерді бұрмалаусыз тізбектеп баяндауы. Бірақ, орыс авторларының билік туралы пікірлерімен келіспейтін де себептеріміз бар. Оған дәлел қазақ тарихында хандардың орны қай жағынан болса да, ерекше болған. Мысалы: Тәуке хан Үш жүздің басын қосып қана қоймай, Қазақ хандығының әлеуметтік-қоғамдық және саяси тұрғыдан нығаюына салмақты үлес қосты. Тәуке ханның дәуірінде билер кеңесі, халық кеңесінің маңызы мен атқаратын рөлі артты.



Билер кеңесі мен халық кеңесі жылдың бір белгілі мерзімінде тұрақты шақырылып тұруы белгіленген. Билер кеңесі ханның ақылдасар алқасы болса, халық кеңесі, қазіргі парламенттің рөлін атқарды. Бұл кеңестердің мәжілістері кезек-кезек Тәуке ханның Ордасы тігілген Түркістандағы Битөбеде, Сыр бойындағы Күлтөбеде, Байрамдағы Мәртөбеде өтіп тұрған. Онда қазақ қоғамының ішкі, сыртқы ең толғаулы мәселелері талқыланып отырған. Сондықтан қазақ қоғамында ешкімге ұқсамайтын далалық дәстүрге негізделген, үлкен мәнге ие болған, билік жүйесі ежелден қалыптасқан «Жеті жарғы» – заңдар жинағы, қазақ тарихындағы тұңғыш Конституциялық мәнге ие болған құжат. Мазмұны жағынан ол 3 құрамнан тұрды: Біріншіден, қазақтың ежелгі әдет-ғұрып правосы – немесе Қасым ханның (1511-1518) «Қасқа жолына» негізделген. Екіншіден, одан кейінгі өзгерістер, соның ішінде «Еңсегей бойлы ер Есім» ханның (1598-1628) «Ескі жолы» деп аталатын нормаларын да қамтыған. Үшіншіден, Тәуке ханның дәуірінде оның саясатына сай, әдет-ғұрып нормаларына жаңа өзгерістер енгізілген (Красовский, 1868: 5-8).

## Қорытынды

Бұдан шығатын қорытынды – қазақтың көп ғасырлық тарихында ел билеу қызметінің бүкіл халықтың мүдде-мақсаттарына сай келгендігі. Сөйтіп, Қасым ханның «Қасқа жолы», Есім ханның «Ескі жолы», Тәуке ханның «Жеті жарғысы» қазақ халқын біріктірудегі хандық басқару жүйесінің құқықтық-идеологиялық негізін қалаған еді. XVIII ғасырда, академик Манаш Қозыбаев тұжырымдағандай, хандық билік ақыл мен күштің тірегі – батырлар мен билер билігіне ұштасты. XVIII-XIX ғасырларда Абылай хан тұсында да тарихи аренаға нық қадаммен шыққан билер қауымы хандық билікті толықтырып, оны демократияландырды. Бұдан шығатын қорытынды, қазақ қоғамында ешкімге ұқсамайтын далалық дәстүрге негізделген, үлкен мәнге ие болған билік жүйесінің ежелден қалыптасқандығында. Сондықтан орыс мұрағаттарындағы орыс тілінде жазылған біздің тарихнама, деректердің басым көпшілігі империялық отарлау саясатының бағытында сақталған деректер деуге болады.

## Әдебиеттер

- Броневский С.О. (1868). О киргиз-кайсаках Средней Орды // «Отечественные записки». СПб.  
Гейнс А.К. (1868). Путешествие в Туркестан. – СПб.  
Левшин А.И. (1996). Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей. – Алматы: Санат.  
Красовский М. (1868). Область сибирских киргизов. Материалы для географии и статистики России. Ч.І.-ІІІ. – СПб.  
Радлов В.В. (1989). Из Сибири. – М.  
Артыкбаев Ж.О. (1993). Казахское общество в XIX в.: традиции и инновации. – Караганда.  
Артыкбаев Ж.О. (1995). Этнос және қоғам /XVIII ғасыр/. Караганды.

## References

- Broniewski S.O. (1868). O kirgiz – kajsakah Srednej Ordy [About Kirghiz - Kaisaks of the Middle Horde // “Notes of the Fatherland”]. Sankt- Peterburg.  
Gaines A.K. (1868). Puteshestvie v Turkestan [Travel to Turkestan]. Sankt- Peterburg.  
Levshin A.I. (1996). Opisanie kirgiz – kazach’ih ili kirgiz – kajsakskih ord i stepej. [Description of Kirghiz - Cossack or Kirghiz - Kaisak hordes and steppes]. Almaty.  
Krasovskiy M. (1868). Oblast’ sibirskih kirgizov. Materialy dlja geografii i statistiki Rossii. Ch.І.-ІІІ. [Area of the Siberian Kirghiz. // Materials for geography and statistics of Russia. Part III-III.]. Sankt- Peterburg.  
Radlov V.V. Iz Sibiri. (1989). [From Siberia]. Moskva.  
Artykbaev Zh.O. Jetnos zhane kogam /XVIII gasyr/ (1993). [Kazakh society in the XIX century: Traditions and innovations]. Karaganda.  
Artykbaev Zh.O. (1995). Jetnos zhane kogam /XVIII gasyr/. [Ethnos Zhune Kohama / XVIII /]. Karandanda.